

#ЖаңаҚазақстан

Референдум ауқымы жаңғыртуларды жалғастыруға жол ашты. Біз елдің үмітін және сенімін ақтауға тиіспіз. Барлық салада бәріне бірдей мүмкіндік берілетін қоғам құруымыз қажет. Тұрғындар экономикалық өсімнің игілігін шын мәнінде көруі керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



Әркім өз білгенін, өзінің қолынан келетінін істеу керек.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС



АЛАҚАЙ, ШОМЫЛАМЫЗ!
Алматыда суға түсу маусымы ашылды

ҚАЗАҚША КҮРЕС



АЛМАТЫ БАРЫСЫ: мықтылар сынға түседі

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

11.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты, аздаған жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 12 м/с

12.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7, найзағай кезінде екпіні 12 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №66 (6201) 11 маусым, сенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛДІҢ ҮМІТІН ЖӘНЕ СЕНІМІН АҚТАУҒА ТИІСПІЗ

Халық бізден бос уәде емес, нақты нәтиже күтеді



Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті.

ӘКІМ

ЖАҢА ЗАМАНАУИ КЕҢІСТІК

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Narxoz университетінің жаңарған бас корпусының тұсаукесеріне қатысты



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Нархоз» университетінің жаңарған кампусы реконструкциядан кейін қайта ашылды.

Шаһар басшысына хаб, акт залы, үлкен және кіші ағымдық аудиториялар, кітапхана, шетелдік студенттерге арналған орталық және т.б. таныстырылды. Өз сөзінде Ерболат Досаев «Нархоз» университеті еліміздің үздік жоғары оқу орындарының қатарында екенін атап өтті.

ҚЫСҚА...

- «Алматыда «Цифрлы Теңізшевройл-2022» форумы өтті.
- Қазақстанда әскери доктрина өзгерді.
- Алматыдан Алақөлге жаңа пойыздар қатынайды.
- Бүгіннен бастап қалада №31 және №67 автобустарының бағыттары өзгерді.
- 13–17 маусымда Түркіб ауданындағы ғимараттардың бір бөлігі ыстық судан ажыратылады.
- Қазақстан мен Әзербайжанның тауар өндірушілері 38 млн долларға келісім-шарт жасады.
- «Ақын» фильмі Бразилияда өткен фестивалде үздік атанды.
- Женілдетілген автотөсиенеге қосымша қаржы бөлінбейді.
- «Грэмминг» бес жаңа номинациясы жарияланды.
- Бүгін Сербияның Нови-Сад қаласында Қазақстан құрамасы УЕФА Ұлттар лигасы аясында Беларусь елінің футболшыларымен кездеседі.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛДІҢ ҮМІТІН ЖӘНЕ СЕНІМІН АҚТАУҒА ТИІСПІЗ

Халық бізден бос уәде емес, нақты нәтиже күтеді

(Басы 1-бетте)



Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті

Тұрғындар экономикалық өсімнің игілігін көруі керек

Президент жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде халықтың Конституцияға енгізілетін түзетулерді референдумда қабылдағанын және оның заңды түрде күшіне енгенін атап өтті. Осылайша азаматтарымыз Жаңа, Өділетті Қазақстан құруды қолдады.

– Референдум ауқымды жаңғыртуларды жалғастыруға жол ашты. Біз елдің үмітін және сенімін ақтауға тиіспіз. Барлық салада бәріне бірдей мүмкіндік берілетін қоғам құруымыз қажет. Тұрғындар экономикалық өсімнің игілігін шын мәнінде көруі керек. Мемлекеттің байлығы белгілі бір адамдарға емес, бәріне халыққа тиесілі. Сондықтан

бүкіл халықтың әл-ауқатын арттыру – алдымызда тұрған аса маңызды міндет, – деді Президент.

«Жуырда менің Жарлығыммен экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы комиссия құрылды. Бұл комиссия заңсыз жылыс-татылған қаражатты елге қайтарумен айналысады. Оның жұмысы ұдайы қоғам назарында болады. Халық бізден бос уәде емес, нақты нәтиже күтеді», – деді Президент.

Түсінікті әрі әділ ойын ережесін бекіту қажет

Мемлекет басшысы экономика саласын тәртіпке келтіріп, түсінікті әрі әділ ойын ережесін бекіту қажет деп санайды. Оның айтуынша, бұл бағытта қордаланған проблемалар мен олқылықтар бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жаңа Қазақстанда экономикалық дамудың басты қағидаты табыстың әділ бөлінуі және азаматтардың тұрмыс сапасын арттыру болуға тиіс екенін атап өтті.

Президенттің пікірінше, ынтымақты, заңдылықты және жауапкершілікті мінсіз сақтау маңызды.

– Барлық іс-әрекет құқықтық нормаларға толық сай болуға және заңға қатаң әрі мүлтіксіз негізделуге тиіс. Прокуратура қадағалаушы орган ретінде қабылданатын барлық рәсімдердің заңға толықтай сәйкес келуін қамтамасыз етуге міндетті. Бұл мәселеде қателесуге және біліксіздік танытуға болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Басты мақсат – экономиканы нақты сауықтыру

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы ведомствоаралық комиссияны белсенді әрі нәтижелі жұмыс істеуге шақырды.

– Комиссия жұмысының нәтижесі нақты әрі сапалы болуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, елімізден заңсыз шығарылған капиталды барлық заңды рәсімдерді сақтай отырып қайтару үшін белгілі бір уақыт керек екенін түсіну қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, басты мақсат сотқа берілген қылмыстық істердің саны емес, экономиканы нақты сауықтыру.

Президент комиссияның қызметі жөнінде жұртшылыққа жүйелі түрде хабар таратып отыруды тапсырды.

«Біздің мақсатымыз – айқын. Халықтан ұрланған активтерді елге қайтарып, әділдік орнатуымыз керек. Қазір, ең бастысы, жұмысты тиімді ұйымдастыру қажет. Комиссия мүшелері осы міндетті абыроймен атқарады деп сенемін. Президент Әкімшілігі барлық жұмысты бақылауда ұстайды», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, жиында Премьер-Министр Әлихан Смайылов және Бас прокурор Берік Асыллов баяндама жасады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ӘКІМ

ЖАҢА ЗАМАНАУИ КЕҢІСТІК

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев

Narxoz университетінің жаңарған бас корпусының тұсаукесеріне қатысты

Динара
МҰРАТ

(Басы 1-бетте)

«50 жылдан астам уақыт ішінде университетті 140 мыңнан астам студент бітірді. Осы оқу орнының түлектері еліміздің ғана емес, бүкіл әлемнің жетекші компанияларында жұмыс істейді, мемлекеттік қызметте және коммерциялық құрылымдарда жоғары лауазымдарға ие. Жаңартылған корпусың ашылуына мен өте қуаныштымын. Осындай жаңа жобалардың, бенчмарктердің пайда болғанына әкім ретінде ризашылық білдіремін. Сіздерге шын жүректен табыс, жаңа жетістіктер және жаңа студенттер тілеймін!», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

1963 жылы негізі қаланған оқу орны 50 жылда алғаш жаңартудан өтіп отыр. Жалпы ауданы 30 мың шаршы метрді құрайтын университеттің бас оқу ғимаратын қайта құру рекордтық 11 айда аяқталды. Оның басты ерекшелігі – тұрақты дамуға бағдарлану: құрылыс кезінде заманауи экологиялық технологиялар, материалдар мен жабдықтар пайдаланылды, ғимараттың бүкіл аумағында 30 мыңнан астам жасыл желек отырғызылды. Құрылыста алдыңғы қатарлы «жасыл» шешімдерді қолдану кампустың барлық аумағында зиянды заттар шығарындыларын едәуір қысқартуға мүмкіндік берді, ал энергия үнемдейтін жарықтандыру аспаптарын енгізудің арқасында энергияны үнемдеу жыл сайын шамамен 120 мың киловаттты құрайды.

«Университетті трансформациялау бойынша біз 2007 жылдан бері жүйелі жұмыс істеп келеміз, жаңа кампустың ашылуы осы



процестегі кезекті кезең болды. Академиялық бөлімдегі сапалы өзгерістерден, білім беру бағдарламасын жаңартудан және университетті басқару процесін қайта жүктеуден басқа, біз студенттер үшін ыңғайлы оқу корпусын құру бойынша ауқымды жұмыс

жүргіздік. Алдыңғы қатарлы сәулет шешімдерінің арқасында біз сұр, ескірген ғимаратты табиғи жарыққа толы заманауи кеңістікке айналдыра алдық», – деп атап өтті Narxoz университетінің президенті Мирас Дәуленов.

Жаңа кампус заманауи зертханалармен, тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханамен, сондай-ақ қажетті материалдық-техникалық базасы бар аудиториялармен жабдықталған. Кампуста барлығы 26 IT-зертхана, 112 аудитория және орен спрасе форматында 115 жұмыс аймағы орналасқан. Іс-шараға «Қазақстан қор биржасы» АҚ басқарма төрайымы Алина Алдамберген, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы кеңесінің төрайымы Елена Бахмутова, ЖОО оқытушылары және т. б. қатысты.



Суреттерін түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Нархоз» университеті қабырғасында 3 мыңнан астам студент білім алуда. Оқу орнында экономика, құқық, бизнес, маркетинг, қаржы, қонақүй бизнесі, туризм, мемлекеттік басқару және цифрлық технологиялар саласында мамандар даярланады. Бүгінде университет құрамына 5 мектеп және 4 ғылыми орталық, оның ішінде Қазақстандағы Тұрақты дамуды зерттеу жөніндегі институт енген.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ

Қазақстан мен Норвегия арасындағы
дипломатиялық қарым-қатынасқа – 30 жыл!

Биыл Қазақстан–Норвегия ынтымақтастығына – екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанда Норвегия капиталының қатысуымен 17 кәсіпорын жұмыс істейді. Еліміздің экономикасына Корольдік тарапынан құйылған инвестициялар көлемі 164 млн долларды құрайды.

Норвегия – Қазақстанның Еуропадағы маңызды әріптестерінің бірі. Еліміздің Сыртқы істер министрлігі таратқан ақпаратқа сәйкес, тарихи тұрғыдан қысқа мерзім ішінде мемлекеттеріміз арасындағы сындарлы саяси диалог серпінді дамып, өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастық өрісі айтарлықтай кеңейді.

Елдеріміз халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселелер бойынша ұқсас ұстанымда және БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа да халықаралық құрылымдар аясында тығыз ынтымақтастықта. Екі мемлекет халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де елеулі үлесін қосуда. Атап айтқанда, Корольдік Қазақстанда Атом энер-



гиясы халықаралық агенттігінің қамқорлығымен Төмен байытылған уран

халықаралық банкін құруды қолдаған мемлекеттер тобына қосылып, осы халықаралық бастаманың донорларының біріне айналған.

Екі тарап экономикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мақсатында кешенді жұмыстар атқаруда. 2021 жылдың қорытындысы бойынша 85 млн АҚШ долларын құраған тауар айналымын жақын келешекте еселеу жоспары тұр.

Тараптар арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға үлкен мән берілген. 2002 жылы ЮНЕСКО мен Норвегия мәдени мұра директоры бірлесіп Таңбалы петроглифтерін меңгеру, сақтау және таныстыру жобасын іске асырған болатын. Нәтижесінде 2004 жылы петроглифтер ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді.

Қазақстан мәдениетін әлемге паш ету жұмыстары аясында екі ел арасындағы ынтымақтастық тарихында алғаш рет Абайдың таңдаулы поэзиясы мен «Қара сөздері» норвег тіліне аударылып, шығарылды.

Елдеріміздің үкіметтері әлеуеті мол Қазақстан–Норвегия ынтымақтастығын одан әрі тереңдету және өзара тиімді әріптестіктің жаңа көкжиектерін игеру мақсатында бірлескен жұмыс аясын кеңейтуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ ОНЛАЙН САТЫП АЛА АЛАСЫЗ

Қазақстанда баспананы онлайн сатып алуға мүмкіндік беретін жылжымайтын мүліктің виртуалды нарығы пайда болмақ. Мұндай әмбебап платформа кез келген құрылыс компаниясынан жылжымайтын мүлікті онлайн сатып алуға, тіркеуге мүмкіндік береді.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Елімізде жылжымайтын мүлік саласындағы электрондық сауданы ірі құрылыс холдингтері қолға алып, блокчейн технологиясын енгізген еді. Бұл жүйенің жұмыс барысы толықтай ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай келеді және банктік құпия қатаң сақталады. Алдағы уақытта жылжымайтын мүліктің электрондық саудасын ғаламдық цифрландыруға көшіру жұмысы жандана түспек.

Отандық онлайн платформаны 2500-ден астам жылжымайтын мүлік иелері пайдаланып үлгерген, олар кеңсеге бармай-ақ пәтерлерінің тиісті құқықтық құ-

жаттарын алды. Пәтерлерді сату бөліміне барып, одан кейін Халыққа қызмет көрсету орталықтарында біраз уақытты жоғалтып жүргенше, сатып алушы сайтқа кіріп, барлық жұмысын 10 минуттың ішінде онлайн түрде бітіре алады.

Процестің өзі бірнеше кадамнан тұрады: тұрғын үйді таңдау, сауалнаманы толтыру, брондау, келісім-шартқа қол қою, ипотеканы төлеу/рәсімдеу. Ең бастысы, ыңғайлылық пен жылдамдықтан басқа, клиент нотариустың қызметіне 49 мың теңгеге дейін үнемдейді. Тек 4800 теңге көлемінде мемлекеттік баж төленеді. Ең бастысы, қолыңызда смартфон немесе ноутбук болса және ғаламторға қосуды болсаңыз болғаны.

Құрылыс компаниялары үшін бұл –

жылжымайтын мүлікті сату, сатып алу барысын оңтайландыру, ал клиент үшін уақыт пен ақшаны үнемдеу. Барлық құжаттар автоматты түрде толтырылады. Содан кейін деректердің дұрыстығын тексеру және шартқа цифрлық қолтаңба арқылы қол қою ғана қалады.

Жобаны әзірлеушілердің айтуынша, ТМД елдерінде бұл технологияның баламасы жоқ. Көршілес Ресейде ұқсас процесс бар, пәтерлерді онлайн-сатуды «ПИК» және «Самолет» компаниялары белсенді түрде енгізуде. Бірақ қазақстандық нұсқаның эксклюзивтілігі мынада: айталық, көршілес елде тек банктің шешімін сандық форматта алуға мүмкіндік бар, ал отандық онлайн платформа сайт арқылы банктік кепіл, қарыз шарттарына қол қоя отырып, ипотеканы рәсімдеудің барлық циклынан өтуге мүмкіндік береді.

Сатып алушылар онлайн-төлемдерді құрылыс компанияларымен келісім жасасқан еліміздегі банктердің қосымшалары арқылы жүзеге асырады.

Елімізде осындай цифрландыруға қатысты жаңалықтарға ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин мұрындық болып отыр. Ол Қазақстандағы құрылыс саласында блокчейн технологиясын одан әрі дамытуды тапсырды.

«Біздің мақсатымыз – халықты ХҚО-да сабылтып, жылжымайтын мүлік алуға көп уақыт шығындатпай, барлық процесті онлайн атқару. Осыдан біраз уақыт бұрын мен еліміздегі барлық құрылыс компанияларына жылжымайтын мүлікті онлайн рәсімдейтін бірыңғай жүйе құру жазғаттың айтқан едім. Енді міне, құрылыс нарығындағы алдыңғы қатарлы компаниялар осы идеямызды жүзеге асыра бастады. Қазіргі таңда бүкіл нарық пайдаланатын платформаны құру, сондай-ақ бүкіл онлайн тіркеуді жүргізу маңызды. Болашақта еліміздегі барлық құрылыс компаниялары осы технологияға көшеді деп ойлаймын. Бұл нарық үшін де, мемлекет үшін де пайдалы, – дейді Бағдат Мусин.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда 2025 жылға дейін
350 мың м²
асфальтбетон жабыны төселеді.



Биыл жазда 7 мен 13 жас аралығындағы
26 000
алматылық бала жазғы
лагерьлерде демалады.



«Халық қатысатын бюджет» жобасының
жалпы сомасы
7,4 млрд теңгені
құрайды.



Баум тоғайында
104 000-ға
жуық ағаш өседі.



Шаһардың **99,2%-ы**
газға қосылған.



МЕГАПОЛИС

АЛМАТЫНЫҢ ДИЗАЙН-КОДЫ
БЕКІТІЛЕДІ

Алматыда келісілген қала құрылысы саясатын жүргізу үшін шаһардың дизайн-коды бекітіледі. Бұл туралы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев Сенаттың жалпы отырысында айтты.

Атап айтқанда, Сенат «ҚР Кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Құжат аясында Алматыға қатысты тиісті шешімдер ескерілген.

«Алматы қаласына қатысты түзетулері бойынша қала құрылысы кеңесін енгізу және қаланың дизайн-кодын қабылдау ұсынылады. Бұл мегаполис проблемаларын шешу әрі қала тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жақсарту бойынша келісілген қала құрылысы саясатын жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ бірыңғай сәулеттік келбет беруді қамтамасыз етеді», – деді ведомство басшысы.

Сонымен қатар, ол мүлікті заңдастыру проблемаларын шешу үшін жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия құру ұсынылып отырғанын баяндады.

«Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін меншік иелерінің келісімі болған жағдайда, азаматтар көп жиналатын жерлерде бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту ұсынылды. Бұл мегаполис аумағын бейнемониторингпен барынша қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді министр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТАҒАЙЫНДАУ

БАСҚАРМАҒА
БАСШЫ КЕЛДІ

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы болып Берік Солтанбаев тағайындалды.

Берік Бекмырзаұлы 2012 жылы Қазақстанның «Парасат» көпсалалы институтын, 2015 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін, 2017 жылы «Нархозды» бітірген. Еңбек жолын 2013 жылы Nur Otan ХДП Алматы қалалық филиалында кеңесші лауазымынан бастап, 2014–2017 жылдары «Қоғамдық келісім» КММ, Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі аппаратының кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту бөлімінде маман қызметін атқарды.

2017-2018 жылдары Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі аппаратының Кәсіпкерлікті және өнеркәсіпті дамыту бөлімінің басшысы, 2018 жылдан бері Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің орынбасары лауазымын атқарып, кәсіпкерлікті қолдау, инвестициялар тарту және өнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысы мәселесіне жетекшілік етті.

АНТИМОНОПОЛИЯ

Бүгінгі таңда бәсекелестік саясаты Қазақстанның экономикалық дамуының басым бағыттарының бірінен саналады және ол Мемлекет басшысының жеке бақылауында тұрған мәселе. Осыдан екі жыл бұрын, яғни 2020 жылы Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін монополияға қарсы дербес орган құрылды.

Бәсекеге де адалдық керек

Бәсекелестікті қорғау және дамыту жөніндегі агенттік құрылғаннан кейін елімізде бәсекелестікті дамытудағы маңызды кезең Мемлекет басшысының бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы Жарлығының қабылдануы болды. Онда алғаш рет бәсекелестікке жәрдемдесу және ҚР-да белсенді бәсекелестік саясатын енгізу қызметі басым бағыт болып жарияланды. Бәсекелестікті дамытудың негізгі бағыттары, тауар нарығына кіру кедергілерін қысқарту, тауарлардың жаңа түрінің нарығын қалыптастыру, мемлекет қатысатын субъектілердің үлесін қысқарту, биржалық сауданы кеңейту, нарық субъектілерінің мемлекеттік қолдау шаралары мен мемлекеттік сатып алуға тең қол жеткізу мәселелері айқындалған.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Қазақстан Республикасында бәсекелестікті қорғау мен дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірледі. Тұжырымдама нарық субъектілері үшін қолайлы бәсекелестік орта құруға және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге жәрдемдесуге бағытталған. Бұл мақсаттарға бәсекелестікті тежейтін жүйелі кедергілерді жою, бәсекелестікті қорғау тәсілдері мен тетіктерін жетілдіру арқылы қол жеткізу жоспарлануда. Департамент Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аумақтық бөлімшесі ретінде өз құзыреті шеңберінде агенттіктің саясатын Алматы қаласының, елдің ірі мегаполисі мен қаржы орталығының аумағында жүзеге асырады. Монополияға қарсы орган жұмысының негізгі міндеті елімізде адал бәсекелестікті дамытуға белсенді жәрдемдесу болып табылады.

Еркебай АБДУБАКИЕВ,

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

АЛАҚАЙ, ШОМЫЛАМЫЗ!

Алматыда суға түсу маусымы ашылды

Жаз енді басталды... Күн ысыса болды, су жағасынан жанына сая іздейтіндердің қатары артып, бала біткен суға шомылуға асығады. Осындай жайттарды ескерген республикалық жедел құтқару жасақтары су тоғандарына байланысты жұмыстарын бір ай бұрын бастап кеткен-ді.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**



Бұл уақытта төтеншеліктер мен жедел құтқару қызметінің де жұмысы еселенетіні белгілі. Сол себепті, қауіпсіздік үшін қаладағы барлық су тоғанының жанына арнайы шатырлар орнатылды. Құтқарушылар мұнда кезекпен 24 сағат кезекшілікте болып, жұмыс істейді. Ал мамандар моторлы қайық, құтқару жилеттерімен және арнайы баллондармен қамтылған. Сонымен

қатар, мамандар суға түсуге тыйым салынған аймақта үнемі рейдтік жұмыстар жүргізіп отыратын болады. Олар бәрінен бұрын суға түсу алдында спирттік сусын ішу аса қауіпті екенін ескертеді. Өткен жылы осындай 34 жағдай анықталған. Сондай-ақ, 7 құқық бұзушылық тіркеліп, тұрғындарға айыппұл салыныпты. Мамандардың есебінше, мегаполис бойынша өткен жылы 4 адам суға кетіп, көз жұмған. Қайғылы жағдайдың алдын алу үшін төтеншеліктер үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Арнайы жадынама таратып, тексереді.

Десек те, «апат айтып келмейді». Суға шомылуға барғанда мейлінше сақ болайық. Әсіресе, балалар қараусыз қалмасын. Өйткені, қазір, күндіз ауа температурасы +30 болғанымен, түн салқын. Ал түнде тоңазыған су тоғандар күндіз толығымен жылып үлгермейді. Ал салқын суға түскен адамның жүрегі тоқтап, бірден өліп кетуі мүмкін. Сондықтан суға түсу маусымы ашылса да, барынша қауіпсіздік ережелерін сақтаған жөн. Рұқсат етілмеген аймақтарға суға түскендерге алдымен ескерту жасалады. Ал ескертуге құлақ аспағандар айыппұл арқалайды.

ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының орынбасары Әнуар Жүсіповтің айтуынша, бүгінде Алматыда 44 су тоғаны бар. Қала әкімінің қаулысымен олардың төртеуіне, яғни «Сайран» өзені, Жетісудағы «Гүлдер» демалыс орны және Түркісібтегі су тоғанына шомылуға рұқсат берілген.





ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

гидравликалық сынақ өтетін жерлерге көлік қоюға болмайды



Алматының 8 ауданында жылу желілерін гидравликалық сынақтан өткізу бойынша жұмыстар жүргізіледі. Осыған орай қала тұрғындарына сынақ жүргізілетін аумақтарға уақытша автокөліктерін қоймауға кеңес береді.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Жылу желілерін гидравликалық сынақ өткізу барысында, яғни 2022 жылғы 13 маусым мен 22

маусым аралығында сағат 04.00 таңғы 07.00-ге дейін Алматы қаласының 8 ауданының аумағында жылу желілерін гидравликалық сынақ өткізу жүргізілетін болады. Қала тұрғындары мен қала қонақтарына автокөліктерді сынақ өткізу

орындарындағы тұрақтарға уақытша қоймауға және сақтық шараларын сақтауға кеңес береміз. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына қарамастан судың жер бетіне шығуы, жол жабынының ішінара бұзылуы секілді төтенше жағдайлар орын алуы мүмкін. Мұндай кезде өз бетіңізше ешқандай іс-қимыл жасамаңыз. Керісінше, оқиға орнынан дереу кетіп, ол туралы «Алматы жылу жүйесі» ЖШС-на 378-06-48 (қосымша 1014), 378-06-62 (қосымша 1013) немесе 109 телефондары арқылы хабарлаңыз», – делінген хабарламада. Жылу желілеріне сынақ жүргізу кестені (көшелер бойынша) «Almaty aqshamy» газетінің сайтынан көруге болады.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің мәліметінше, аталған аумақтардың контурларында тұратын барлық тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтау толығымен сақталады.

«Гидравликалық сынақтар қалалық жылу кешенін алдағы жылыту маусымына дайындау аясында жылу желілері жабдықтарының жай-күйін тексеру және құбырлардың проблемалы учаскелерін анықтау үшін жүргізіледі. Сондықтан уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауларыңызды өтінеміз және кешірім сұраймыз!» делінген хабарламада.

МӘСЕЛЕ

Алматы тұрғындары қала дүкендеріндегі, дәлірек айтқанда, «Магnum» сауда желісіндегі қант тапшылығына жиі шағымданауда. Алматылықтардың айтуынша, дүкен сөрелерінен қант жоғалып кеткен. Өлшеп сатылатын қантты таба алмаған жұртшылық шапнақ қантты алуға мәжбүр, бірақ оның құны әлдеқайда жоғары – бір килограмға шамамен 830 теңге. Magnum желісінің өзі қалада қант тапшылығы жоқ деп мәлімдейді. Өнім құнының өсуі де күтілмейді, тауардың әлеуметтік бағасы (445 теңге) шілде айының соңына дейін сақталады.

АЛМАТЫДА ҚАНТ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОҚ

Әлеуметтік бағаны шілде айының соңына дейін сақтау жоспарлануда



Динара МҰРАТ

«Менің ойымша, дүрбелең сатып алушылардың маусымдық сұраныстарына байланысты туған. Біздің сауда желілерімізде ең төмен баға болғандықтан, тауар тез тарайды. Нарықта қанттың орташа бағасы 600 теңгеден жоғары. Дүйсенбіден бастап тағы он вагон қант келеді. Бір вагонда – 272 тонна. ӘКК келісімі бойынша таратылатын қант бойынша белгіленген баға бар және ол 31 шілдеге дейін жалғасады», – деп атап өтті компанияның PR-менеджері Артем Крылов.

Мұны қала әкімдігінде де растап отыр. Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқар-

масы басшысының орынбасары Ерлан Омаров қант қалаға күн сайын жеткізілетінін хабарлады.

«Қалада қант тапшылығы жоқ екенін атап өткім келеді. «Магnum» желісінде айналым қарыздары аясында 3 мың тоннадан астам көлемдегі үлкен келісім-шарттар бар. Сондай-ақ, қосымша 5 мың тонна көлемінде келісім-шарттар бойынша жұмыстар атқарылуда. Қант Алматы қаласына біздің қант зауыттарынан жеткізіледі», – деді Ерлан Омаров.

Сондай-ақ, басқарма өкілі баға мониторингі үнемі жүргізіліп отыратынын айтты. Дүкендер мен базарлардың иелерімен 15 пайыздық сауда үстемесін сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру бойынша рейдтік іс-шаралар өткізіледі.

ТҰСАУКЕСЕР

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ ЖАҢА ЕҢБЕКТЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ



Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұйымдастыруымен жаңадан жарық көрген ғылыми еңбектердің тұсаукесері болып өтті.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Жиынға ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, институт директоры Кенжехан Матыжанов модераторлық жасады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры Бақытжамал Оспанова, белгілі әдебиеттанушы, өнертанушы, фольклортанушы ғалымдар Тынысбек Қоныратбаев, филология ғылымының докторы Бақытжан Әзібаева, әдебиеттанушы профессор Қанипаш Мәдібаева, филология ғылымының кандидаты Сағатбек Медеубек, әуезовтанушы Гүлзия Пірәлиева, шетел әдебиетін зерттеуші Светлана Ананьева, фольклортанушы Дүйсенгүл Жанхан, шығыстанушы Төрәлі Қыдыр, жазушы Серік Асылбекұлы, дәстүрлі әнші Сәуле Жанпейісова,

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Оразқұлова Қалдыгүл, т.б. мәдениет пен руханият жанашырлары, жас ғалымдар қатысты.

Еліміздің рухани-мәдени әлеміндегі көркем құбылыстарды іргелі және қолданбалы тұрғыда зерттей отырып, ұлттық таным мен зерделі ой көкжиегін кеңейтуге үлес қосып келе жатқан ғылым шаңырағының кейінгі еңбектері сан салалы.

Осы ретте әдебиет пен өнердің ұрпақ тәрбиесіндегі орны мен рөлі, көркем өнердің жеке салаларының даму үрдістері, жаһандық мәдениет аясындағы қазақ руханияты, көркемдік интеграциялар, ұлттық жадының жаңғыруы сынды мәселелерге арналған монографиялық еңбектер мен ғылыми жинақтар, антологиялық, хрестоматиялық топтамалар, ғылыми-академиялық аудармалар айналымға қосылып отыр.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

БАҒЫТТАР ӨЗГЕРЕДІ

Жаз мезгілі демалатын уақыт қана емес, сонымен қатар түрлі жөндеу және құрылыс жұмыстарының қызатын кезі. Бүгінде Алматы көшелерінде қысқа дайындық жұмыстарына байланысты түрлі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осыған орай, қалада бірқатар қоғамдық көлік бағыттары өзгереді.

Мәселен, Төле би көшесіндегі жылу желілерін қайта құру жұмыстарының жүргізілуіне байланысты №201, 205 бағыттарының қозғалыс сызбасына жолаушылар мен қызмет көрсетуші компанияның сұранысы бойынша қосымша өзгерістер енгізіледі. Автобустар 10 маусымнан бастап уақытша келесі сызба бойынша жүретін болады:

№201-бағыт. **Шығыс бағытта:** Төле би көшесі – Қонаев көшесі – Қабанбай батыр көшесі – Достық даңғылы – Төле би көшесі – әрі қарай сызба бойынша. **Батыс бағытта:** Төле би көшесі – Достық даңғылы – Төле би көшесі – әрі қарай сызба бойынша.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

лы – Бөгенбай батыр көшесі – Қонаев көшесі – Төле би көшесі – әрі қарай сызба бойынша;

№205-бағыт. **Шығыс бағытта:** Төле би көшесі – Қонаев көшесі – Қабанбай батыр көшесі – Достық даңғылы – Төле би көшесі – әрі қарай сызба бойынша. **Батыс бағытта:** Төле би көшесі – Достық даңғылы – Бөгенбай батыр көшесі – Қонаев көшесі – Төле би көшесі – әрі қарай сызба бойынша.

Наурызбай ауданының тұрғындары үшін маңызды жаңалық бар. Карьерная көшесінде екі автобус – №31 және №67 бағыттары бүгіннен бастап ұзартылып болады. Естеріңізде болса, Наурызбай

ауданының тұрғындары қала әкімі Ерболат Досаевпен кездесуінде «Алма сити-5» тұрғын үй кешеніне көлік қызметін көрсетуді күшейтуді сұраған болатын. Бүгінде шаһар басшысының тапсырмасына орай «Барлық» базарынан Карьерная көшесі бойымен оңтүстік бағытта №31 және №67 бағыттарын ұзарту туралы шешім қабылданды.

Енді «Алма сити-5» тұрғындары қаланың орталық көшелеріне және жақында іске қосылған «Мо-мышұлы» метро станциясына ауысып отырмай-ақ жете алады. Ауданда барлығы 3 жаңа бағытты іске қосу және қолданыстағы бағыттарды күшейту жоспарланған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ЕНДІ КӨЛІК ЖҮРГІЗЕ АЛМАЙДЫ

Шаһарда 78 адам сот шешімімен өмір бойына жүргізуші куәлігінен айырылды



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Қалада жүргізілген рейд барысында 4 күн ішінде көлікті мас күйінде жүргізген 21 адам ұсталды.

Алматы қалалық полиция департаментінің мәліметінше, анықтау басқармасы бір жарым жыл ішінде ҚР ҚК-нің 346-бабы 1-ші және 2-ші бөліктерінде көзделген қылмыс белгілері бойынша 66 қылмыстық істі тергеп, сотқа жолдаған.

«Сот шешімімен 78 жүргізуші өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айырылды. Сонымен қатар, оларға 1 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын өтеудің нақты мерзімі тағайындалды. Қазіргі таңда 8 қылмыстық іс сот тергеуінде», – деді Алматы қалалық анықтау басқармасының бастығы Олжас Шәріпов.

Ұсталған жүргізушілер арасында қылмысын бірнеше мәрте қайталағандар да бар. Солардың бірі – А. есімді азамат. Мамандандырылған патрульдік полиция батальонының



экипажына Байтұрсынұлы мен Қарасай батыр көшелерінің қиылысында ұсталды. Наркологиялық сараптама көрсеткендей, жүргізуші орташа дәрежедегі алкогольдік масаң күйде болды.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

«БЕКЕТІ ЖОҚ ҰЗАҚ ЖОЛ»

Ойшыл Демокрит «Ойын-тойсыз өмір – аялдайтын бекеті жоқ ұзақ жол сияқты» депті. Тауып айтылған тәмсіл. Бұған «заманына қарай – адамы» деген ой қосар едік. Себебін төменде тарқатамыз.

Жаһан аса жылдамдықпен дамуда. Уақыт судай сырғып тұр. Адамның бәрі асығыс. Тірлік қарбалас. Бірақ қайда, не үшін, неге асығыстық танытып жатқанымызды бағамдамаймыз. Бір қарағанда, баршамыз ойын ойнаушы-

лар сияқтымыз. Біріміз сөзден, екіншіміз қаражаттан ұтыламыз немесе ұтамыз. Біреу қуанса, біреу түнеріп жүр. Әркімнің басында бітпейтін сансыз ой көп. Мұны адам баласына тән қасиет дер едік.



Суреттерін түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Көңіл күйді сергітеді

Ал шындығында, ойынның адамзатқа берер пайдасы көп. Оның әсері сананы жаңғыртып, бір сәтте ойды мүлде басқа арнаға бұра алады. Ойын адам бойының көңіл күйін қалыптастырады:

- Зейін жанданады;
- Зеректік пайда болады;
- Ширақтала түсесіз;
- Ұжымдық ортаға бейімделесіз.

Ойын тұнып тұрған есеп-қисап. Қателесуге болмайды. Шалт кетсеңіз, қарсылас шап береді. Әйгілі Альберт Эйнштейн «Ойынның ережелерін жақсы меңгеріп ал. Содан

кейін барып, басқалардан жақсы ойнай бастау керек» депті. Атақты физик-математиктің өзі философиялық тұрғыдан ой қозғауда. Шындығында да, ойынды екі топқа бөліп қарастырамыз.

- Яғни:
- материалдық;
- рухани.

Бұл арада үшінші тарап жоқ. Дәлірек айтқанда, ойнау арқылы ойыңызға жетесіз. Кейде ұтылып қалуыңыз да бек мүмкін. Ойын – қателікті кешірмейді. Ауыспалы хәм тура мағынасында да осылай болады.

Ойды аңғартып, қабілетті арттырады



Адамзат ғұмыры ойынмен сабақтас. Ойын – ойды аңғартады. Кісінің қабілетін арттырады. Дегеніне жетуіне септеседі. Күрмеулі мәселелерді шешеді. Жалпы айтқанда, функциясы сан қырлы, көп векторлы. Дәлдеп көздесеңіз ұтасыз, шалт кетсеңіз қапыда қаласыз. Ереже солай. Пәлсафаша, «тағдыр» дер едік.

Есте жоқ ескі заманнан бері жанданып, дамып, түпкі мазмұнын жоғалтпаған бірнәрсе бар, ол – ойын. Бүгінге дейін өшпей жеткен-

дері бар. Осы төңірегінде бірқатар түйіні тарқатылу керек дүниелер баршылық. Өткен кеңес заманында ұлттық мұраларға тыйым салынды. Тәуелсіздік дәуірімен бірге құндылықтар қайта жанданды. Қазақ тойды сүйетін халық. Той ойын-сауықсыз өтпейді. Онда міндетті түрде әзіл-қалжың, айтыс-тартыс, сауық-сайран жүретіні анық. Осы орайда, қайсысын қайтардық, нендейінен айырылды? Жауап іздеп көрелік.

Тіршілікпен біте қайнасқан



Халқымызда той-жиын көп болған. Тойлы жерде ойын-сауық ұйымдастырылады. Ойын-сауықта әзіл-қалжың қатар жүреді. Ат шаптырылып, көкпар беріледі. Бұған дәлел І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында айтылатын «Сағынайдың асы», М.Әуезовтің «Абай жолындағы» «Бөжейдің асы» сынды

барлық астарда қазақша күрестен, бәйге мен көкпардан жарыстар өткізілген. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен – тұлпар, алтын жағалы тон, ішіктер, құндыз бөрік сияқты құны қымбат сыйлықтармен марапатталған. Тіпті, фольклорлық аңыз әфсана, ертегі, хикаяларда хан-патшалар жеңімпаздарға қызын, та-

Ұлттық ойындар қазақтың жаны, құндылығы, болашағы. Әр ойынның өзіндік функциясы болған. Мәселен:

- «Асық ату» – баланы мергендікке үйретеді.
- «Ақ сүйек» – зейінін өрбітеді.
- «Қыз қуу» – бозбала мен бойжеткенді үлкен өмірге жетелейді.
- «Көкпар», «Бәйге» сынды ойындар бұғанасы бекіп, ержеткен жігітті әскери-тактикалық өнерге баулиды. Осылайша тізімді жалғастыра беруге болады. Бұл турасында фольклортанушы ғалымдар Д.Жаһанның «Рәсімдік ойындардың тарихи даму сипаты», Н.Набиолланың «Әскери, интеллектуалдық ойындар» еңбектерінде, А.Ислямбекованың балалар ойындарына қатысты зерттеулері мен мақалаларында тереңірек айтылады. Бұл – ұлттық ойындардың тіршілікпен біте қайнасқанын көрсетеді.

Әзіл-қалжың қатар жүреді

Тәуелсіздік ұлттық құндылықтарымызды қайта әкелді. Соның нәтижесінде ұмыт болған мұраларымыз оралды. Өткен XX ғасыр патша өкіметі мен кеңес дәуірінің қылышынан қан тамған кезең болды. Сол заман ұлттық құндылықтарды жоюға бағытталды. Жаңа дәуір феномені – бағалы жәдігерлер, дәстүр-салт, ұлттық болмыс болмақ.

Бір қуантатыны, қазір ұлттық ойындардың дамуы белең алууда. Тіпті, қазақша күрестің атауы өзгеріп, «қазақ күресіне» айналды. Жыл сайын дәстүрлі «Қазақстан барысы», қала берді «Еуразия барысы», т.б. жарыстар халықаралық деңгейде де өтіп жүр. Сондай-ақ, түркі мемлекеттеріне ортақ «Көшпенділер ойындары» өткізіледі. Оның ішінде жоғарыда аталған ойындар бар.

Елімізде «Наурыз мерекесі» де мемлекеттік дәрежеде тойланады. Жұрттар арқан тартысып, қол күресіп, балуандар белдесіп, тіпті кей өңірлерде теңге ілу, дойбы, тоғызқұмалақтан турнирлер өтеді. Кезінде хакім Абай атамыздың өзі тоғызқұмалақ ойнауды жақсы көрген екен. Қазандық қазып, қойдың құмалағын пайдаланса керекті. Осындай сананы жаңғыртып, өткенді қайтаратын ұлттық құндылықтардың насихатталып жатқаны көңіл жадыратады.

Ұлттық болмыс



ТОПШЫЛАУ

Біз ақын Қадыр Мырза-Әлі айтпақшы, «тарихы қалың елміз». От пен оқтың арасында жүрсе де, жұртымыз сыйластықтан арылмаған. Ал сыйласа білу үшін сөзге әзіл-қалжың араластырып, ойнай білген де абзал. Ойын-сауық жүрген жерде бірімен-бірі жақындасу, ұғынысу, пікір алмасу болады. Егер бәрі орнымен болса, тіпті туыстыққа ұласады. Мінеки, бұл көшпелілердің жазылмаған заңы. Ұлы даланың хатқа түспеген мәуелі мәдениеті дер едік.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АҢЫЗДАРДАН



Соғыстар тоқтатылып, тыныштық орнаған...

Ойынның шежіресін дөп басып ешкім айта алмайды. Десе де, фольклорлық аңыздар бар. Бірі ежелгі Грекия мен Римде, ендігісі Афина, Эллада жерінде, тағы бір тараптағылар Египетте дамыды, қанат жайды деп топшылайды. Ашық дереккөздерде алғашқы ойындар Зевс Құдайының құрметіне б.з.д. 776 жылдан бастап

төрт жылда бір рет Олимпия қаласында өткізілген. Кейін б.з. 394 жылы Византия императоры Федосий І-нің бұйрығы бойынша тоқтатылды. Бұл ойындарда әскери дайындық, дене шынықтыру өнерін көрсету байқаулары, дәстүрге айналған ақындар мен шешендер айтысы, әртүрлі өнер көрмелері ұйымдастырылған. Бұл

кезде соғыстар тоқтатылып, қасиетті тыныштық орнайтын дәстүр қалыптасқан. Сол шақта бір айдан үш айға дейін бүкіл Эллада жерінде суық қару қолдануға, тіпті ойынды тамашалаушыларға қару-жарақпен келуге тыйым салынған. Ойындар бес күн өткізілген. Бағдарламасына жүгіру, күрес, атжарыс, коссайыс, бессайыс сияқты спорт түрлері кіргізілген. Жеңімпаздарға зейтүн ағашының жапырағынан өрілген алқа кигізіліп, құрмет көрсетілген.

Ежелгі Қытайда домалақ допқа ұқсас затты екі жақ болып тала-сып ойнаған екен. Мұны англиялықтар бізден шықты «foot» – аяқ, «ball» – доп дейді. Екеуін теңшегенде «футбол» термині құралады. Ал Үндістаннан «шахмат» шыққан. Оны хәм жоғары касталар, падишаһтар, лауазымдылар ойнаған.

Ойындарға қатысты элементтерді Лев Гумилевтің «Көне түріктер» кітабынан да аңғарамыз. Сондай-ақ, олар «Қазақтың ұлттық ойындары» (Б.Төтенасев), «Телқоңыр» (Б.Абылкасымов), «Рухани уыз» (К.Матыежанов), «Соқыр теке» сияқты шығармаларда бар.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ӘУЕЗОВ–125

ТӨЛТУМА – ҰЛТТЫҢ ӨМІР СҮРҮІНІҢ КЕПІЛІ

«Алатау» дәстүрлі өнер театрында М.Әуезовтің «Айман–Шолпан» музыкалық комедиясының премьерасы өтті



Жұлдызбек Жұманбайдың кезекті шығармашылық ізденісі көпшілікті тәнті етті. Мұхтар Әуезовтің әу баста 1934 жылдары жазған түпнұсқасы жырға негізделген. Сондай-ақ, Ұлттық ойындар мен хореография спектакльдің көркемдік тұтастығын сақтап, өзгеше әр берген. XIX ғасырдың алғашқы жартысы. Елдің таным-тынысы. Қоғамдағы құзырет пен жұтаң жағдайлар. Көрермен қауым бұл оқиға-уәжді құр сөзбен емес, жыр жолдарымен көріп, тыңдады. Көрермен сол кездердегі батырлықтың азып, іріліктің ұқсақталғанына да куә болды.



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

– «Алатау» дәстүрлі өнер театры ұлттық өнеріміз бен дәстүрімізді ұлттық аспаптар арқылы жеткізетін ерекше театр. Бұл жерде дәстүрлі әншілер де, бишілер де, ақындар да, күйшілердің де тоғысқан ордасы деп айта аламыз. Осынау киелі саханаға М.Әуезовтің 125 жылдық мерейтойына орай заңғар жазушының «Айман–Шолпан» жырының негізінде жазылған комедиялық қойылымын сахналауға бел байлады. Қойылымға біраз уақыт дайындалды. Сахнада 45–50 шақты актер қамтылған. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында оқитын студенттер біраз әндерді орындады. Қойылымның ерекшелігіне тоқталар болсақ, «Ойын-сауық» жанрын жандандырды. Жыршы жырын айтып, ақындар айтысып, мюзикл жанрының элементтеріне ұштастырды, – деп атап өтті қоюшы-режиссер Жұлдызбек Жұманбай.

Комедиядан театр ұжымының тамаша типтер жасаумен бірге, шеберліктің биік деңгейіне жеткендігін көруге болады. Халық жырында нобайы ғана көрінген персонаждар комедияда тереңдетіліп, характерлік даралық сипаттарын тапқан.

«Кейіпкерімді ойнап шығу үшін өзімді «сындыруға», шын-дауға тура келді. Бұрынғы рөлдеріме қарағанда осы жолғы кейіпкерім ерекше болды. Өзімді шығармашылық қырымнан шыңдай түстім. Жалпы айтқанда, Жарас барлық күлкілі ситуациялардың бел ортасында жүреді. Қазіргі заманның тілімен айтқанда, әнші, әзілкеш, тамада бола білдім. Бір сөзбен айтқанда, кейіпкерім сегіз қырлы, бір сырлы болуыма септігін тигізді», – дейді Айбек Құдайберген.

«Айман–Шолпан» пьесасын

«Оларда дауыс бар, жүрек бар, үн бар. Бір нәрсе ақиқат, ұлттың өмір сүруінің кепілі мен мұраты – ұлттық төлтуманы сақтауда жатыр».

тамашалай отырып, Маман байдан ауылына қыз айттырып келген бай-бағлан, ақын-батырлар арасындағы бәсеке, текетіретін қалай өрбитінін байқадық. Бұл комедияның көркемдік бояуын қанықтыра түскендей.

«Жұлдызбек ұлттық құндылықты насихаттаудан қорықпайды, дәстүрлі өнерді дәріптегеннен ешқашан ұтылмайтынын біледі. Ол ең бірінші дүниесінің жасқа да, кәріге де ұнайтынына сенімді. Жұлдызбектің ерекшелігі – дәстүрлі әншілерден, ұлт өнерпаздарынан актер шығара алғаны. Оларда дауыс бар, жүрек бар, үн бар. Бір нәрсе ақиқат, ұлттың өмір сүруінің кепілі мен мұраты – ұлттық төлтуманы сақтауда жатыр», – деп атап өтті ҚР еңбек сіңірген қайраткері, актер Бекжан Тұрыс.

Сахна шымылдығы ашылмастан бұрын төгілген ән мен музыка, би мен хор ерекше әсерге бөледі. Халықтың көне бұйымдарымен безендірілген ұлттық киімдерін киген актерлар жүректі тербеді. Қойылымның соңы апалы-сіңілі Айман мен Шолпанның ұзату тоымен аяқталады. Сөзге келген екі жақ татуласып, құдандалы болып, халықтың шат-шадымен сәттерімен аяқталды. Осының бәрі қойылымды тұтас өнер мерекесіне айналдырып жібергендей сезімге бөледі.



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БАС ИДЕОЛОГЫ

Совет өкіметі мен Алашорда арасын жарастырып, ұлттық келісімге жеткізген Ахаң еді...

Алаш қозғалысы – XIX ғасырдағы ағартушылар қозғалысының жалғасы, оның жоғары сатысы. Әлихан қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалысын еуропалық демократиялық, конституциялық, парламенттік күрес жолына салды. Ахмет болса ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат берді.

• Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы неде, оның әлемдік азаттық қозғалысына қосқан үлесі қандай көрсеткіштермен өлшенбек, ұлт тарихына, ұлт тағдырына оның жасаған ықпалы қандай?

1. Ғасыр басында үркердей алып топ – Әлихан, Ахмет, Міржақып қазақтың демократиялық-либералдық бағыттағы зиялыларының басын қосып, еуропалық өркениеттік дәрежедегі қозғалысты қалыптастырды.

Ахаң өз қазағын – далаға, орыс халқын – теңізге теңеп, қазақ сахарасын еуропалық өркениетке енгізу арқылы жетілдіруді көздеді. Балаларды бастауыш мектепте ана тілінде оқытып, негіз салғаннан кейін орыс тілін үйретуді ұсынды.

2. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ зиялыларының рухани көсемі санатында 1913 жылы ұлттық биресмилік «Қазақ» газетін шығарды. Осы тұста Әлихан Алаш қозғалысының саяси көсемі болса, Ахаң рухани көсеміне, бас идеологияна айналды.

Ахмет Байтұрсынұлының реформаторлығы 1918 жылы Қазан төңкерісі, азаматтық қарама-қарсылық, дауылды-дабылды жылдарда да көрінді. Біріншіден, Алашорда мемлекеттігін құрушылардың бірі болды. Екіншіден, 1919 жылы 4 сәуірде Совет өкіметі советтік платформаға көшкен Алашордаға кешірім жариялап, ұлттық келісімге келді. Алаш зиялылары жаппай қуғыннан, қырғыннан ондаған жылдар бойы аман қалды. Совет өкіметі мен Алашорда арасын жарастырып, ұлттық келісімге жеткізген Ахаң еді.

3. В.И.Лениннің ұсынысымен Қазақ өлкесін басқаратын қазақ (қырғыз) революциялық комитетінің төрағасының орынбасары болған А.Байтұрсынұлы болашақ Қазақ автономиясының аясына барлық қазақ жерін жинауда ерекше қажырлық танытты. Челябин губерниясына еніп кеткен Қостанай уезін Қазақ өлкесіне қайтару үшін М.Сералинмен бірге В.И.Ленин атына арнайы хат жазып қана қоймай, советтердің Бүкілодақтық атқару комитетінде, РКП(б) орталық комитетінде арнайы қаратты. Қазақ ревкомы бұл ұсынысты қарап, қаулы қабылдады.

Ахаң – ғұлама ғалым. Философ, ойшыл. Ахаң тіл тағдырын ұлт тағдырымен біртұтас қарады. Тарихта әділдік болса, ол Ахаң есімін болашаққа осылай хаттайды, қасиетті ұлы Ұлт ұстазын қазақ қазақ болып тұрғанда жадында мәңгі сақтайды.

Манаш ҚОЗЫБАЕВ.

ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІНЕ ПАЙДАЛЫ ҰЛЫ ЕҢБЕК

Ахметтің мәдениетімізге сіңірген еңбегі орасан зор, жазған кітаптары да аз емес, ол кітаптар ағарту мақсатында қызмет етумен қатар, ғылыми тұрғыдан да аса құнды. Ахмет Байтұрсынұлы адамдық дәнін, қайырымдылық, махаббат мәйегін септі. Туған әдебиетіміз бен халық ағарту ісіне пайдалы ұлы еңбек сіңірген қазақ халқының ірі әдебиетші-ағартушысы.

Телжан ШОНАНҰЛЫ,
наурыз, 1923 жыл.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ–ОРАМДАРЫНАН

«...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым».

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ,
1929 жыл.



ПЕДАГОГИКА

«МЕКТЕП – АТА-АНА – ОҚУШЫ»
үштігінің өзектілігі әлі де күн тәртібінде тұр

М.Мақатаев атындағы №140 гимназияда Балалар жылы аясында «Ұрпақ тәрбиесіне жүйелі көзқарас: Заман талабы және болашақ» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Рая
ЕСКЕНДІРӘдістемелік нұсқаулықтар мен
бейнедерістер дайындалды

Конференция жұмысына жоғары оқу орындарының басшылары, қоғам қайраткерлері, қоғамдық ұйым өкілдері мен орта білім мекемелерінің басшылары қатысты. Конференцияны қалалық Білім басқармасы мен Педагогикалық ғылымдар академиясы ұйымдастырды.

Конференцияның алғашқы сөз кезегін алған қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева күн тәртібінде өзекті мәселеге айналып отырған жас ұрпақ тәрбиесі екенін баса айтты. Спикер барлық білім саласы қызметкерлерін осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі түрде жүргізуге шақырды.

Қалалық Білім басқармасының бастамасымен Педагогикалық ғылымдар академиясы «Мектептерде саналы ұрпақ тәрбиелеуді ғылыми-практикалық тұрғыдан іске асыру жолдары» жобасын қолға алып, нәтижесінде «Қазіргі мектептерде саналы ұрпақ тәр-

биесін жетілдіру» тұжырымдамасы жасалған еді. Қазіргідей жаһандану үрдісі белең алған тұста жас ұрпақ тәрбиесінің тұтас қоғамды алаңдатып отырғаны жасырын емес. Сондықтан ел ертеңіне алаңдаған белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, ұстаздар мектептерде нәтижелі тәрбие жұмысын жүргізу үшін аталмыш тұжырымдамаға сүйене отырып, 13 әдістемелік нұсқаулық дайындаған еді.

Оқу жылы аяқталмай тұрып бұл нұсқаулық барлық мектептерге таратылды. Сонымен қатар, нұсқаулықтың маңызын түсінікті етіп жеткізу үшін бейнедерістер де дайындалды. Дәл қазіргі уақытта еліміздің барлық өңірінде осы нұсқаулықтармен жұмыс жасайтын арнайы эксперименттік мектептер өз жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сонымен, келелі кеңестің пленарлық және секциялық отырыстарына қатысушылар тәрбие саласына қатысты 30-дан астам баяндама жасады.

Ата-анамен педагогикалық ынтымақтастық керек



Конференцияның арнайы қонағы, ұлағатты ұстаз, Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова өз ойын былай жеткізді.
— Осы нұсқаулықты ата-аналар

да оқыса деймін. Тәрбие мәселесі туралы ғалымдарымыз да, ұстаздарымыз да аз айтып жүрген жоқ.

Жасыратын несі бар, бірақ айтылған жерде қалып жатыр. Кезінде тақта мен бордың арқасында әріп таныдық, нан тауып жесдік. Өкінішке қарай, қазіргі кезде ұстанымымыз да, ұстаздарымыз да өзгеріп кетті. Осы жиынға қатысып отырған ұстаздарымыздың көңіліне келмесін, мен осы бір мәселені айтуға тиіспін. Кейде мұғалімнің ата-анаға «балаңызды қанша оқытсам да, оқу қонбайды. Репетитор жалдамасаңыз болмайды» деп жатқанын естіп қаламыз. Кейде тіпті, сол балаға өзі репетитор болып, ақша алып оқытып, алгі түк білмейтін баланы оқытып

шығарғанын көргенде қайран қаламын. Міне, бұл біз үшін, ұстаздар үшін өте ұят іс дер едім. Енді мына жарыққа шығып жатқан дүниеге келсем, бұрын тәрбиенің саласы 12 еді, қазір 8 сала бойынша жұмыс жүргізіп жатырсыздар. Менің ұсынысым — тәрбие жүйелі болу үшін оқулық керек. Сол салалар баланың жасына қарай, жүйелі жүргізілуі керек. Сынып сағаттарына бөлінетін 40 минутты тиіп-қашып өтеді. Осы ретте ата-анамен педагогикалық ынтымақтастық деген қағидапты қайтадан көтергеніміз дұрыс болар еді, — деді еңбек ардагері.

Конференцияға қатысушылар секциялық отырыстарда пікір алма-сып, резолюция қабылдады.

Адамгершілік мәселесі бүкіл қоғамды ойландырып отыр



Келесі кезекте Педагогикалық ғылымдар академиясының президенті, «Саналы ұрпақ тәрбиелеу» жобасының ғылыми жетекшісі Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ сөз кезегін алды.

— Мен дүние жүзінің 30-дан астам елінде болдым. Барған мемлекеттердің білім жүйесіне үңіліп, жақсы жағын үйренуге тырысамын. Мәселен, PISA деген әлемдегі білім сапасын анықтайтын зерттеу орталығы бар. Сол ұйымның 2003–2018 жылдардағы барлық зерттеулеріне қарап, бір тұжырымға келген едік. Алғашқы орынды алған елдердің табысқа жетуінің түп негізі неде дегенде, екі нәрсені байқадық.

Әлемнің білімі озық елдерінің артықшылығы — біріншіден, баласына ұлттық, рухани-адамгершілік тәрбие берген елдер екен. Екінші кезекте ұстаз болуға құштар, өзінің бойындағы барлық қасиетін сол таңдаған кәсібіне арнап, дәні

мен сөлін оқушыға сығып беретін ниетті адамдары ұстаз болған елдердің білім сапасының жоғары болатынын байқадық. Осыдан кейін біз адамгершілік тәрбие туралы ойлана бастадық. Өйткені, адамгершілік мәселесі бүкіл қоғамды ойландырып отыр. Яғни бізге мектепте бала тәрбиелеудің ғылыми-практикалық жүйесі керек екен. Әрине, біз ұрпағымыздың бойында қандай қасиет болу керек екенін жақсы білеміз. Ұзақ талқылау мен талдаудан кейін саналы ұрпақ тәрбиелеуді Тұжырымдамасын жасадық. Оған ұлттық құндылықтарымызды, қазақы тәрбие беру жүйесі мен әлемдік озық тәжірибені үйлестірдік. Негізінде 13 әдістемелік нұсқаулық әзірледік, — деді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Дархан БІЛӘЛОВ,
Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университет ректоры:

— Мұғалімдер көбіне оқушыдан гөрі олардың ата-аналарымен жұмыс істеудің күрделі екенін жиі айтады. Сондықтан «Мектеп – ата-ана – оқушы» үштігінің өзектілігінің әлі де күн тәртібінде екенін ұмытпауымыз керек. Өйткені, ата-аналар барлық жауапкершілікті мектептің мойнына ысырып қойған. Оқушы үшін 30–40 пайыз ғана мектеп жауапты екенін түсінбейді.

Гүлмира ҚАНАЙ,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры:

— Тәрбиенің дені мектепте қалыптасады. Сондықтан біздің оқу ордасының да қолға алып отырған үлкен жоспарлары бар. Осынау құнды дүниені біз де қолданатын боламыз. Тұлға қалыптастыру үшін тәрбие мәселесін жандандыруымыз қажет. Осынау ұлттық тәрбие мәселесін екі жақтан қолға алайық.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

МАҚСАТ – ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Мектеп жасындағы балалардың қылмыстық әрекетке баруы қоғамда өзекті мәселе болып отыр

Оқушылар сарайында қалалық прокуратураның ұйымдастыруымен Бала құқығы жөніндегі уәкілмен және басқа да мемлекеттік орган қызметкерлерімен кәсіптік кәсіпкерлердің қылмысы жөнінде жиын өтті. Шарада балалардың құқығын қорғауға байланысты мәселелер талқыланды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қалада жыл басынан бері кәмелет жасына толмаған балалар арасында 56 қылмыстық оқиға, 7 суицид фактісі тіркелген. Ең қауіптісі, суицидке 90%-ы 14–17 жас аралығындағы балалар барады екен.

«Уәкілетті органдар қылмыс жасауға бейім 200-ге жуық кәмелетке толмағандарды анықтаған. Негізінен тұрмыстық жағдайы нашар, мектептегі үлгерімі төмен балалар тәртіп бұзуға бейім келеді. Қылмыстың алдын алу үшін полиция шаралар қолданады» дейді

мамандар. Құзырлы орган өкілдерінің айтуынша, қала бойынша мектеп жасындағы балаларға күш көрсету қылмысы азаймай тұр. Бытырға қарағанда 43 пайызға өскен.

«Бүгінгі шараның мақсаты — балалар арасындағы және оларға қарсы жасалатын қылмыстық оқиғаның алдын алу. Мектеп жасындағы балалардың қылмыстық әрекетке баруы қоғамда өзекті мәселе болып отыр. Қазір балалардың жазғы демалыс кезеңі. Түрлі құқық бұзушылықтарға баруы мүмкін», — деді қалалық бас прокурордың көмекшісі Гүлнар Хамитқызы.

Биыл балаларға қатысты 74 қылмыс жасалған, оның ішінде балаларға жыныстық зорлық-зомбылық жасалған 30 дерек тіркелген. Мұндай қатерлерге 90 пайыз жағдайда толық емес отбасылардан шыққан балалар ұшырайды. Сонымен қатар, балаларға қарсы жасалған қылмыстардың 86%-ын жақын адамдары жасайды, атап айтқанда, ағасы немесе отбасы мүшелерінің досы, таныстары.

2021 жылдың маусымынан бастап «мектеп инспекторлары» таратылып, 172 бірлік кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі аумақтық инспекцияларға ауыстырылды. Оларға әкімшілік учаскелер бекітілген.

«Оқушылардың арасында келеңсіз жағдайлар көп болады. Мұғалімдер мен құқық қорғау органдары бірлесіп әрекет етсе оң нәтиже



береді деп ойлаймын. Жазғы демалысқа шықпай тұрып, балалар мен мұғалімдер, ата-аналар қатысуымен жиналыс өткіздік. Оқушылар демалыстан келгеннен кейін келесі оқу жылында біз бірінші кезекте құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында шаралар ұйымдастыратын боламыз. Баланың қылмысқа бару-бармауына ешқандай мектеп ұжымы кепілдік бере алмайды. Бірақ барыныша жұмыстар жүргізуде», — деді №133 мектеп-гимназия директоры Нұрлан Адамов.

Кездесу қорытындысы бойынша прокуратура әкімдікпен, полициямен бірлесіп, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және қоғамдық ұйымдардың ұсынысын ескере отырып, арнайы Жол картасын әзірледі.

ЖИЫН

Оқушылар сарайының
жұмысына
жоғары баға берді

Алматыдағы Оқушылар сарайына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ирина Смирнова, «Сенімен Болашаққа» қоғамдық бірлестігі төрағасының кеңесшісі, қоғам қайраткері Гүлнар Мансұр және «Mugalim» қоғамдық бірлестігінің өкілі Нұржан Мұхтарұлы арнайы бас сұқты.

Қонақтар ұзақ жылғы тарихы бар Оқушылар сарайының бүгінгі тыныс-тіршілігімен, жүргізіп отырған жұмыс барысымен танысты. Балалар жылы аясында атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға берілді. Меймандар өркениеттің төл туындылары — робототехника, космонавтика, анимация, дыбыс жазу негіздерін үйрететін жаңа кабинеттерді аралап көрді. Әсіресе, мұндағы планетарийдің ерекше әсер еткенін тілге тиек еткен білім саласының білгірі Ирина Смирнова жетекші білім беру институттарымен бірлесіп, ынтымақтастықта жұмыс істеуді ұсынды.

Еліміздегі жетекші білім беру орталықтарының бірі саналатын Оқушылар сарайы Жаңа Қазақстанның жас ұрпағын тәрбиелеу жолында жүйелі жұмыстар атқарып отыр.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



БҰРЫНҒЫ АЛМАТЫ

ТЕМІР ТҰЛПАРЛАР

тарихтан сыр шертеді

Ресми деректерге сүйенсек, Алматы көшелерімен бір күнде жарты миллионға жуық көлік жүріп өтеді екен. Иә, таңқаларлықтай сан. Ал осыдан бір ғасыр бұрын Алатаудың баурайында қанша және қандай көлік жүргенін білесіз бе? Біз мың жасаған шаһарымыздың ең алғашқы қоғамдық көліктерінен сыр шертіп көрейік.



Алматы трамвай депосы



КТМ-1 Алматы трамвайы Шевченко көшесімен №1 бағыт бойынша жүріп келеді

1927 жылы Қазақ КСР-ның астанасы Қызылордадан Алматыға ауысқан соң, алдағы онжылдықта Жетісу халқының саны бес есеге артқан. 1939 жылғы халық санағының дерегі бойынша, бұл уақытта Алматы төңірегінде 222 мыңдай тұрғын болған. Қалалық өндіріс орындарында жұмыс істейтін адамдардың көпшілігі орталықта емес, тікелей тас жолы жоқ, шаһар маңындағы шағын ауылдарда тұрды.

Сондықтан халықтың Алматыға қатынауы қиын мәселелердің бірі еді. 1930 жылдардағы баспасөз беттерінде Қазақ КСР-ында баржоғы бір жарым мың көлік болып, оның 70 пайызын жүк көліктері құрағаны айтылады. Сондықтан айтылған мәселені шешу үшін 1932 жылы Алматыда адамдар мен жүктерді тасымалдауға арналған бірінші көлік арбасының шаруашылығы ұйымдастырылады. Бұл орталықта барлығы 132 қызметкер, оның ішінде – 2 инженер, 20 жүргізуші, 50-ге жуық атбегі жұмыс істеді. Сондай-ақ, бүгінгі Райымбек және Назарбаев даңғылдарында орналасқан шаруашылықта 45 ат арба, 20 автокөлік және 100-ге жуық жылқы болды.

Дегенмен, кеңестік өндірістің қарқыны күшейгендіктен, көлік арбасының шаруашылығы 1935 жылы жаңа автопарк болып қайта құрылады. Автоорталықтан көлік үш бағытта жүрді. Негізгі маршрут Малая станицадан (Кіші Алматы өзенінің оң жағалауы) қала базарына дейін және кері қарай болды. 1930 жылдардың соңына қарай

қала автобустарының саны 57-ге жетті. Ал шаһардың алғашқы бағдаршамы 1937 жылы К.Маркс (Қонаев) және Комсомольский (Төле би) көшелерінің арасында қойылды.

Алматыда автобус саны көбейгенімен, ол жұмысшылардың әрібері жүріп-тұруын толықтай жеңілдетпеді. Осы себепті, кеңестік дәуірдің ең тиімді әрі арзан көлігі – трамвай құрылысына дейін жасалады. 1934 жылы әзірленеді. Аталмыш жоба бойынша ұзындығы 8,7 шақырым болатын бірінші трамвай жолы қала вокзалынан (бүгінгі Алматы-2) Лагерный (Шевченко) мен Таранчинский (Байтұрсынов) көшелерінің қиылысына дейін жасалады.

Құрылыс 1936 жылы басталып, бір жылдан кейін аяқталады. 1937 жылы қарашаның 5-інен 6-сына қараған түні Қазан төңкерісінің 20 жылдығына орай алматылық трамвай алғаш рет Комсомольский (Төле би), Уйгурский (Байтұрсынов), Пастера (Мақатаев) және Карл Маркс (Қонаев) көшелерімен «А» айналма жолын жүріп өтеді. Дегенмен, ресми түрде қалалық трамвай 1 желтоқсан күні ғана іске қосылған. Темір тұлпар Гоголь мен Уйгурский (Байтұрсынов) көшелерінің торабында орналасқан трамвай депосынан бастау алып, қала ішіндегі 16 аялдамаға жүйткі жөнелетін болған.

Аталмыш қоғамдық көлікке алғашқы күні таң ата 15 мың адам, ал түстен кейін тағы 5 мың тұрғын мінген. Жалпы, 16 күн ішінде 300 мыңдай адам тасымалданған екен.

1940 жылы Алматыда барлығы 78 трамвай қолданыста болып, бұл вагондармен алдағы төрт жылда 8,7 млн жолаушы жүріп өткен. Сол уақыттағы жергілікті басылымдардың жазуынша, қала вокзалынан трамвай депосына дейін жолаушылар небәрі 30 тиынға, ал вокзалдан бүгінгі Жібек жолы көшесіне дейін 20 тиынға бара алған. Оқушылар мен пионерлер үшін билет құны 10 тиын болған.

Алматылық №1 трамвайдың жүргізушісі – Жапарқұл Алпысбаев болды. Ол күндізгі уақытта жол құрылысында жұмыс істеп, кешкі уақытта жүргізуші курстарына қатысқан. Трамвай тұрақты іске қосылған соң жүргізушілік жұмысқа тұрақты ауысады. Сондай-ақ, тұлпардың алғашқы қызметкерлерінің қатарында Әбілдаев, Мешков, Ефременко сынды жұмысшылар болды.


1941 жылы 12 маусым күні Республика билігімен Алматыда троллейбус жолдарын салу жоспары қабылданып, 21 маусымда 10 токпен жүретін тұлпарды алуға шешім қабылданады. Жоба бойынша Дзержинский (Наурызбай батыр) көшесімен Калининге (Қабанбай батыр) көтеріліп, ол жерден Ленин (Достық) көшесімен бүгінгі Абай алаңына дейін жол орнату жоспарланған. Алайда, Ұлы Отан соғысы басталып кеткендіктен, Алматы көшелерінде алғашқы троллейбустар 1944 жылдың наурыз айында Гоголь көшесінің бойымен Орталық демалыс паркіне дейін жүре бастады.



Жамбыл Жабаевтың көлігі



Дінмұхамед Қонаевтың көлігі



Berliet C2 Double Phaeton маркалы көлік

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Карл Бенцтің 1885 жылы құрастырған Benz Patent-Motorwagen көлігі – әлемдегі ең бірінші сәтті іске қосылған моторлы көлік саналады. Бұл темір тұлпар 3 дөңгелекті болған. Дегенмен, 1993 жылы неміс инженері өз көлігіне өзгерістер енгізіп, оны жаңа «Benz Victoria» атымен төрт дөңгелекті етіп шығарады.
- Әлемдегі ең алғашқы ат жегілген трамвайлар АҚШ қалаларында: 1828 жылы Балтиморда, 1832 жылы Нью-Йоркта, 1835 жылы Жаңа Орлеанда болған. Ал бірінші токпен жүретін трамвай 1880 жылы Ресейдің Санкт-Петербург қаласында іске қосылады.
- Троллейбус тарихы да неміс инженерлерінің жұмысынан бастау алады. Дүние жүзіндегі бірінші троллейбусы неміс өнертапқышы Вернер фон Сименсон өзінің бауыры Вильгельм Симонстың идеясымен жасап шығарған.
- 1937 жылы бірінші рет іске қосылған Алматы трамвайы 2015 жылы өз жұмысын тоқтатты. Биыл темір тұлпардың қала көшелерімен алғаш жүргеніне 85 жыл толып отыр.
- Бытырғы ресми деректерге сүйенсек, Қазақстан аумағында бүгінде 3,8 млн көлік тіркелген. Оның 3,6 млн-ы жеке адамдарға тиесілі.
- Мегаполистің қоғамдық көлік паркі наурыз айында газбен жүретін 105 жаңа экологиялық таза және жайлы Golden Dragon автобустарымен толықты.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Шаң басқан ретро-көліктер

Ең алғашқы қоғамдық көліктердің тарихынан сыр шерткен соң, қазақтың ұлы даласында желмен жарысқан ретро көліктер жайында да сөз қозғауды жөн көрдік.

Қазақстандағы ең алғашқы жеңіл көлік француз тұлпары, ал оның жүргізушісі эстониялық жігіт болған. Архив деректеріне сүйенсек, 1912 жылдың 24 қыркүйегінде Бабахан Нұрмұхамедов атты қазақ саудагерінің Berliet маркалы көлігінің тексерістен сәтті өткенін арнайы комиссия мақұлдаған. Бұл құжаттарда тексеріс кезіндегі көлік жүргізуші эстониялық Иоганн-Эдуард-Анленцен Рейнвальд болғаны жазылған. Сондықтан осы күні Иоганн қазақ жеріндегі алғашқы көлік жүргізуші болып саналады. Бабахан Нұрмұхамедовтың темір тұлпары сынақтан өту үшін Алматының Сүйінбай (бұрынғы атауы Капальский) көшесімен жүріп өткен.

Қазақ жерінде жүрген ең алғашқы көлікті көруге бүгінде бәрінің мүмкіндігі болмаса да, Жамбыл ата-

мыз мінген ретро көлікті Алматы облысындағы Жамбыл музейінен тамашалай аламыз. Бұл темір тұлпар Қазақстанның ең танымал көне көліктерінің бірі. Кеңес билігі жыр әлемінің алпауыты Жамбыл атамның 75 жылдық мерейтойында Ford Model B маркасының пішіміне ұқсатып жасалған ГАЗ М-1 көлігін сыйға тартқан. Музей қызметкерлерінің айтуынша, мұндай көлік Қазақ КСР-ның аумағында небәрі төртеу болған.

Өткен ғасырдың көліктерінің қатарында Дінмұхамед Қонаевтың ақ түсті Pontiac Grand Prix көлігін айтып кеткеніміз жөн. Бұл темір тұлпар Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысына тиесілі болған жалғыз көлік екен. Димаш ағамыз негізінен кеңестік өндірістен шыққан үкіметтің көліктерімен жүрген. Олардың қатарында ЗиС-115, «Чайка» ГАЗ-13 және ЗИЛ-114 маркалы көліктер болған. Қоғам және мемлекет қайраткерінің жақындары, оның көлікке қызығушылығы болмағанын және өзі көлік айдамағанын айтады. Жеке көлігінің өзін Д.Қонаев сатып алмапты. Pontiac Grand Prix маркалы седан көлігін 1993 жылы Мұхтар Аухадиев және Жанат Байқошқаров атты кәсіпкерлер сыйға тартқан. 2006 жылдан бері бұл көлік қалалық музейде тұр.



ҮСТЕЛ ТЕННИСИ



АЛАНҒА ЖЕТЕТІНДЕР ЖОҚ

Алан Құрманғалиев WTT Youth Contender сериясы бойынша турнирдің кезекті медалін жеңіп алды.

Чехияның Гавиржов қаласында үстел теннисінен жасөспірімдер арасындағы WTT Youth Contender турнирі өтуде. Жарысқа әлемнің 30 елінен 11, 13, 15, 17 және 19 жастағы спортшылар қатысуда. Жоғарғы жас топтарының арасында қазақстандықтар Санжар Жұбанов, Ескендір Харки, Сағантай Құрмамбаев топтық кезеңнен сәтті өтіп, 1/32 финалға жолдама алды. 15 жастағы теннисшілер арасында Алан Құрманғалиев іріктеу кезеңінен бірінші орынмен шықты. 1/16 финалдағы келесі кездесуінде Равад Алнасерді (Қатар) 3:1 есебімен, 1/8 кезеңінде Марсель Блашикті (Польша) 3:0 есебімен ойсырата жеңді. Отандасымыз ширек финалда украин Михаил Ловга (3:0) мен жартылай финалда болгар Йоан Величковтан (3:1) басым түсті.

Алан жарыстың шешуші кезеңінде жапон спортшысы Казуки Кашиямамен кездесті. Айта кеткен жөн, 27 мамырда Испанияда өткен жарыста отандасымыз Казукиға есе жіберіп, сайыстан шығып қалған еді. Бұл жолғы кездесуде Алан нағыз шеберлік танытып, 3:1 (11:8, 11:13, 11:4, 11:7) есебімен жеңіске жетті. Сондай-ақ, 10–12 маусым аралығында WTT Youth Contender турнирінде әлемнің 30 елінен келген қыздар да өнер көрсетеді. Қазақстандық Сарвиноз Миркадинова 17 жас және 19 жас санатында сайысқа түседі. Отандасымызға сәттілік тілейміз!

ТЕННИС



ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ЖОЛДАМА БАР

Қазақстандық теннисшілер халықаралық жарыстарда бірқатар жеңістерге жетті. Жұптық сында Қазақстанның бірінші ракеткасы Анна Данилина Биаррицте (Франция) өткен ITF W60 сериясындағы турнирдің 1/4 кезеңін сәтті аяқтады. Спортшымыз украиналық Валерий Страховамен бірге бельгиялық Лара Солден және үнді Пратхана Тхомбаре жұбын 7:5, 6:4 есебімен жеңді.

Кездесу шамамен бір жарым сағатқа созылды. Бұған дейін Анна осы жарыстың жеке разрядының ширек финалына шыққан. Оның жеке сайыстағы келесі қарсыласы Франция спортшысы Люси Нгуен болмақ.

Михаил Кукушкин Ноттингемдегі (Англия) Челленджер жарысының ширек финалына шықты. Жерлесіміз екінші раундта испандық Фернандо Вердасконь басымдылық бірден бірге ауысқан тартысты ойында 6:3, 6:7 (2:7), 6:4 есебімен жеңді. Ендігі кезекте Михаил жартылай финалға шығу үшін американдық Джордан Томпсонға қарсы бақ сынайды.

Әлемнің бір тұсында теннисшілеріміз ешкімге дес бермей жатса, өзге жерде жеңілген тұстарымыз да бар. Елена Рыбакина АҚШ өкілі Шелби Роджерске Хертогенбостағы (Нидерланды) WTA 250 сериясындағы турнирдің екінші айналымында есе жіберді. Кездесу американдықтың пайдасына (6:2, 6:4) шешілді. Сондай-ақ, Қазақстан ерлер құрамасының көшбасшысы Александр Бублик Штутгарттағы (Германия) турнирдің екінші айналымында британдық Энди Маррейден жеңіліп, 1/4 финалға шыға алмады.

Айта кеткен жөн, аға-әпкелерінің артынан ерген жас теннисшілерімізден сүйінші бар. Ташкентте 12 жасқа дейінгі және одан кіші жасөспірімдер арасындағы Азияның командалық біріншілігі аяқталды. Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан және Ауғанстан құрамалары екі топқа бөлінді. Біздің жасөспірімдер Өзбекстан және Қырғызстан құрамаларына қарсы ойындарда сенімді жеңіске жетіп, өз тобында 1-орын алды.

ҚАЗАҚША КҮРЕС

Бүгін сағат 16.00-де Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» іріктеу сайысы саналатын «Алматы Барысы» басталады.

Турнирге барлығы 30-ға жуық мықты спортшы қатысады. Барлық палуандар 90 келіден жоғары абсолютті салмақ дәрежесінде, олардың ішінде жекпе-жек өнерінің әр түрінен әлем және құрлық чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері өнер көрсетеді.

«ADD» ОРТАЛЫҒЫ

АЛМАТЫДА ШЕБЕРЛІК ШЫҢДАЛАДЫ

Алматыда ашылған жаңа «ADD» үстел теннисі орталығында жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатына Орталық Азия іріктеу турниріне қатысушылардың оқу-жаттығу жиыны өтуде.

Оқу-жаттығу жиынының жетекшісі, Қазақстан құрамасының жаттықтырушы-кеңесшісі Дмитрий Левенко мұндай жиындардың маңызы туралы пікір білдірді:

– Мен бұрын да Орталық Азия теннисшілерімен осындай жиын өткізгенмін. Бірақ ол кезде «Hopes» желісі бойынша кішкентай балаларды ғана дайындадым. Ал қазір жасөспірім жастағы ұл-қыздар болғандықтан жұмыс істеу оңай емес, өйткені қатысушылардың дайындық деңгейі мүлдем басқа. Қазақстан мен Иран құрамаларының шеберлігі әлдеқайда күшті, Өзбекстан сәл артта, ал Тәжікстан,



Жұптар лотерея арқылы анықталады. Көрсеткіштер мен жан-күйерлер үшін кіру тегін.

Одан бөлек, жарыста отандық сахна жұлдыздарынан концерттік бағдарлама өтеді.



Қырғызстан, Түркіменстан спортшылары әзірге әлсіз болып тұр. Маған еліміздің жастар құрамасының аға жаттықтырушысы Евгений Тимченко көмектесуде, екеуіміз бірігіп, алға қойылған міндетті орындап жатырмыз. Оқу-жаттығу жиынының негізгі мақсаты – жаттықтырушылар мен теннисшілер өз үйлеріне қайтқан соң, біз берген нұсқаулықпен жұмыс істей алатындай негізгі бағдарларға үйрету. Әрине, қысқа уақыт ішінде біз ешкімге күрделі нәрселерді үйрете алмаймыз. Бірақ біз күнделікті жаттығуларда не істеу керектігін түсіндіреміз, қателіктерді түзетеміз.

Алматыда өтіп жатқан халықаралық жиынның тек артықшылықтары бар: әртүрлі елдердің спортшылары бір ортаға жиналып бір-бірін дамуға итермелейді, тәжірибе алмасады. Не дегенмен оқу-жаттығу жиындары қарапайым жаттығулардан гөрі көп пайда әкеледі.

Айта кеткен жөн, Алматыдағы оқу-жаттығу жиындары Лаоста өтетін Азия чемпионатына дайындық аясында өтіп жатыр. Аталмыш жарысқа Қазақстанның жасөспірімдер арасындағы ер және әйелдер құрамасы да дәл осы ADD орталығында жолдама жеңіп алған еді.

ХОККЕЙ

Юрий Михайлис үшін «Барыс» басшылығындағы екінші маусым өткен жылға қарағанда біршама әлсіз болды. Команда ҚХЛ-дың Шығыс біріншілігінде 8-орынға жайғасса (2020/2021 маусымда – 6), ҚХЛ плей-офф кезеңінің бірінші раундында 1:4 есебімен «Металлург» командасына есе жіберді.

«Барыстың» маусымы тартысты әрі қызу өтті. Биылғы жарыс барысында «ЦСКА», «СКА» және «Магнитка» секілді лига фавориттерін жеңген сәттер де, кестенің төмен жағындағы командалардан күтпеген жеңілістер де болды. Мәселен, қараша айында Юрий Михайлистің командасы қатарынан төрт ойында жеңіске жете алмай жүрді. Нәтижелердің тұрақсыздығына қарамастан, деңгейлес қарсыластармен болған кездесулерде «Барыс» қателік жібермей, өз тәжірибесін көрсетті. «Амурды» екі рет, «Автомобилистті» үш рет жеңіп, «Нефтехимикпен» тең ойнады. Соның арқасында қазақстандық команда плей-офф кезеңіне Шығыс бірін-

БАРЫСҚА БАҒА ҚАНДАЙ?



шілігінде 8-орынға тұрақтады. Ширек финалда «Барыс» конференция көшбасшысы «Металлург» командасына қарсы түсіп, алғашқы кездесуін жеңіспен бастаған (3:2). Алайда, келесі ойындарда жеңіліс тауып, жарыстан шығып қалды.

Сарапшылар «мұндай нәтижені сәтсіздік деп атауға болмайды» дейді. Себебі, қазақстандық команда екі маусымда да плей-офф кезеңіне шыққан. Алайда, биыл Юрий Михайлистің басшылығымен «Барыс» алға қарай қандай да бір елеулі қадам жасай алмады. 2018/2019 және 2019/2020

маусымдарының нәтижелерін қайталап, өз тобынан көш бастап, ҚХЛ-дың жартылай финалына шығу әзірге ескі күндердің естелігі ретінде қала бермек. Айта кеткен жөн, ҚХЛ маусым алдындағы дайындық кезінде «Барыс» Қазақстан Республикасы Президентінің Кубогына қатысады. Аталмыш жарысқа отандық командадан бөлек ресейлік «Нефтехимик», «Магнитогорск», «Автомобилист» және Қытайдың «Куньлунь Ред Стар» клубтары қатысады. ҚР Президентінің кубогы 16–19 тамыз аралығында елордада өтеді.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне

ЖАРНАМА беріңіз де,

ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің киылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газет-теріне тарату жөніндегі менеджер қажет.

Анықтама телефоны: 8 (727) 232-36-51.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдар МКҚК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасы «№ 6 Оқушылар үйі» МКҚК басшысы. Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Сейфуллин даңғылы, 13/1. Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.

2. Алматы қаласы Білім басқармасы «№3 С.Прокофьева атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Қарасай батыр көш., 140. Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.

3. Алматы қаласы Білім басқармасы «№5 М.Төлебаев атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 54 А. Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.

4. Алматы қаласы Білім басқармасы «№7 Құрманғазы атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, 5-ші ықшамауданы, 59. Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.

5. Алматы қаласы Білім басқармасы «№9 Е.Брунслевский атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Приозерная көш., 1 А. Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.

6. Алматы қаласы Білім басқармасы «№10 балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Ключова көш. 49. Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.

7. Алматы қаласы Білім басқармасы «Өнер мектебі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Тілендиев көш. 35. Қызмет түрі: Басқа топтамаларға енгізілмеген білім беру саласындағы өзге қызмет.

8. Алматы қаласы Білім басқармасы «№3 Оқушылар үйі» МКҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Вахтангов көшесі, 2-2А. Қызмет түрі: Мәдениет саласындағы білім беру.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Мемлекеттік корпорацияға (Азаматтарға арналған үкімет) немесе 050060, Алматы қаласы, Өбіш Кекілбайұлы, 89-үй, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: 8063807@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: 8063807@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (интернат) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Есту қабілеті нашар балаларға (естімейтін балаларға) арналған №1 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Бостандық ауданы, Торайғыров көшесі, 1-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Мамандандырылған «Жанұя» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Бегалин көшесі, 82-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру.

3. Алматы қаласы Білім басқармасының «Н.Островский атындағы заңиптер және көздері нашар көретін балаларға арналған №4 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Ладыгин көшесі, 33-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру.

4. Алматы қаласы Білім басқармасының «Даму интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған №6 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Шухов көшесі, 84-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Мемлекеттік корпорацияға (Азаматтарға арналған үкімет) немесе 050060, Алматы қаласы, Өбіш Кекілбайұлы, 89-үй, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: 8063807@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: 8063807@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (колледж) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Заветная көшесі, 41-үй. Қызмет түрі: Кәсіптік-техникалық білім беру. 2008 жылдан бері жұмыс істейді.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы көпсалалы колледжі» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, Жандосов көшесі, 63-үй. Қызмет түрі: Кәсіптік-техникалық білім беру. 2008 жылдан бері жұмыс істейді.

3. Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы мемлекеттік бизнес колледжі» КМҚК басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Шевченко көш., 95/84-үй. Қызмет түрі: Кәсіптік-техникалық білім беру. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Мемлекеттік корпорацияға (Азаматтарға арналған үкімет) немесе 050060, Алматы қаласы, Өбіш Кекілбайұлы, 89-үй, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: 8063807@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: 8063807@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Түркісіб ауданы, Дөңентаев көшесі, 32/1 үй. Қызмет түрі: Қарт азаматтар мен мүгедектердің тұруын қамтамасыз етпей әлеуметтік қызметтер көрсету.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «Жастар үйі» әлеуметтік мекемелердің түлектерін бейімдеу және қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Өуезов ауданы, «Жетісу-2» ы.а., 79-үй. Қызмет түрі: Тұруды қамтамасыз ете отырып, басқа да әлеуметтік қызметтерді ұсыну.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Мемлекеттік корпорацияға (Азаматтарға арналған үкімет) немесе 050060, Алматы қаласы, Өбіш Кекілбайұлы, 89-үй, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: 8063807@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: 8063807@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «М.Хамраев атындағы №150 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Шапағат» ықшамауданы, Биянху көшесі, 87-үй.

Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының «М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназия» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Байзақов көшесі, 130-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

3. Алматы қаласы Білім басқармасының «№5 мектеп-гимназия» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, 9 ықшамауданы, 16-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

4. Алматы қаласы Білім басқармасының «№116 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, 8 ықшамауданы, 46-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.

5. Алматы қаласы Білім басқармасының «№119 мектеп-лицей» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Өуезов ауданы, 8 ықшамауданы, 45-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

6. Алматы қаласы Білім басқармасының «№45 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Орбита-3» ықшамауданы, 55-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.

7. Алматы қаласы Білім басқармасының «№81 мектеп-гимназия» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұқар жырау бульвары, 38-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1999 жылдан бері жұмыс істейді.

8. Алматы қаласы Білім басқармасының «№183 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Ерменсай» шағынауданы, 73-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 2006 жылдан бері жұмыс істейді.

9. Алматы қаласы Білім басқармасының «Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №190 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Нұрлытау» ықшамауданы, 49-үй.

Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1997 жылдан бері жұмыс істейді.

10. Алматы қаласы Білім басқармасының «№193 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Кемел» ықшамауданы, 54-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

11. Алматы қаласы Білім басқармасының «№11 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Волгоградская көшесі, 22-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

12. Алматы қаласы Білім басқармасының «№31 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Гете көшесі, 261/26-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

13. Алматы қаласы Білім басқармасының «№142 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, «Жұлдыз-1» ықшамауданы, 20-үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру. 1996 жылдан бері жұмыс істейді.

14. Алматы қаласы Білім басқармасының «№17 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Занды мекенжайы: Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 266 А үй. Қызмет түрі: Негізгі және жалпы орта білім беру.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттарды келесі мекенжайға тапсыру керек: Мемлекеттік корпорацияға (Азаматтарға арналған үкімет) немесе 050060, Алматы қаласы, Өбіш Кекілбайұлы, 89-үй, Алматы қаласы Білім басқармасы, электронды пошта: 8063807@mail.ru.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 701 670 74 97. Электрондық адрес: 8063807@mail.ru.

Толық ақпаратты: www.almaty-akshamy.kz сайтынан алуға болады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalem-esh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.

**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
блдір



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Балалар
жылы
2022«КІТАП –
СЕНІҢ АҚЫЛШЫҢ,
АДАЛ ДОСЫҢ»Биылғы Балалар жылының шоқтығы биік
жобаларының бірі – «Оқуға құштар мектеп»
деп аталады.Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Бұл жобаға Мемлекет басшысының өзі қолдау көрсетіп отыр. Әсіресе, балалар әдебиетіне көрсетілген зор көмектің арқасында талай құнды туынды оқырманымен қауышып жатыр. Бұл ретте балалар кітапханалары да қалыс қалмай, аталмыш акцияның мазмұнды өтуіне атсалысып, қызу жұмыстарды жүргізіп жатыр.

Мәселен, қаламыздағы №30 балалар кітапханасының ұжымы №142 мектептің 4 «а» сынып оқушыларымен бірлесе отырып, «Кітап – сенің ақылшың, адал досың» тақырыбында әдеби сазды кеш өткізді. Аталмыш мектептің оқушыларының дені – осы кітапхананың тұрақты оқырмандары. Сондықтан олар Сүлеймен Мәмбеттің «Қазақ ертегілері», «Су астындағы тіршілік», Болат Көмековтің «Бейбарыс Сұлтан», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты кітаптарын оқығаны туралы баяндап, алған әсерлерімен бөлісті.

Жас оқырмандар Асылбек Бармаков, Алина Сәлімбаев, Айару Серік, Айшабибі Қоянақ өздерінің кітапты көп оқитындықтарын танытты. Бұл жолда оқушыларын кітап оқуға баулып жүрген сынып жетекшілері Сандуғаш Бекжанованың үлесі зор. Кітапхана меңгерушісі Әмина Павлова оқушылармен бір сәт сергіту сағатын жалғастырып, «Мақалдың жалғасын тап» ойынын өткізді.

ЗООБАҚ

ҚОНЖЫҚТЫҢ АТЫ –



ЯССУРИ

Рая
ЕСКЕНДІР

Қала тұрғындары Алматы Хайуанаттар бағында дүниеге келген қонжыққа Яссури деген атты таңдады. Бұл жерде қонжықтың әкесінің Яшин есімі мен анасының Уссури есімінің басты әріптері алынған. Осыдан бес ай бұрын арғы тегі Гималайдан тарайтын аюлардың «отбасында» кішкентай қонжық дүниеге келген еді. Күні бүгінге дейін анасымен арнайы үйшікте тұрып келген Яссури қазір торға жіберілгені. Кішкентай қонжық өздігінен ойнап, еркін жүретін болған. «Күн санап өсіп келе жатқан қонжықты тамашалағысы келетін қалалықтардың саны арта түсті», – дейді Хайуанаттар бағының қызметкерлері.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

ҚЫЗЫЛ ТРАКТОР

Көзімді ашқалы қызыл тракторды көрдім. Онымен талай жерді шарладық. Ағайын-туыстың үйіне қылдырдық. Тіркесімен жүк тасыдық. Сонда да тым көп артылған заттарды мықшындап тартушы еді. Шамамен 7-сыныпта рөлге отыруды үйрендім. Әкей тракторды қалай айдаудың жөнін айтып, көрсетіп жүрді. Ара-арасында үйреткені бойынша қайталап қоятынмын. Бәрі өзім үшін. Бүкіл ауыл біздің тракторды «пыртылдақ» дейтін. Оған құлағымыз үйренген. Сөйтсек, даусы пырт-пырт деп шығады екен ғой. Ауылдағылар қысқартып солай атаған көрінеді.



Ауылдың жазы ерекше ғой. Шіркін, таңғы шықпен шығатын саф ауасына не жетсін! Пыртылдаққа кәселке (шөп оратын құрылғы) тіркейтін. Сонымен барша кісінің жоңышқасын, қамысын, жантағын оратын. Әкей ол үшін көп қаражат сұрамайтын. Қаншама жанға артығымен орады. Онысын кейбіреулер жасырған болады.

Дегенмен, аядай өлкеде кімнің қанша шөп жиғанын біліп отыратынбыз. Сүйікті көлігіміз темір болса да, шаршайды екен. Арасында балоны жарылып, жүрмей қалатын. Қайтсін, әбден тозған ғой. Бұлай боларының да өз се-

бебі жоқ емес. Жұрт еңбекақысын жарты беріп қоймайды. Түскен қаражат отбасына бөлінеді. Ал трактордың еншісіне жарым жарты ғана бұйырады. Әй дегенмен, ризамын. Далада қалдырып көрген емес. Бұзылса да, ауылға жетіп жығылатын. Жаны адал еді...

Өткенде ауылға жолым түсті. Үй-жайға асығып келем. Бәрі мені күтіп тұрғандай. Ауладағы пыртылдақ көзіме оттай басылды. Көңілім елжіреп қоя берді. Жанарға жас толды. Қасында Күтжол ітім байлаулы тұр. Ол да менің бұл үйге бөтен емес екенімді сезді. Құлағы қалқып, ойнақшып, ытқып-ыт-

қып қояды. Ертесіне әкей сол баяғы әдетінше тракторды оталдырды. 4 жасар інім үйден жүтіріп шықты. Әкемізге қарап, мен де барам деп болмай тұрып алды. Ақыры тракторға отырып, рөлін анда-мұнда қозғап, мөз. Пыртылдақ еш өзгеріссіз. Сол баяғы қалпы. Газды басқан сайын оскырынады. Сыры кетсе де, сырын білдіргісі келмейді. Дәп бір қартайған айғырдай. Көңілі тасып тұр, сеземін. Сүйегі темір болса да, жаны жұмсақ. Бұл менің көңілімдегі айрықша сәт болды. Бұрынғыны еске алдым, сүйіндім. Ата-бала сабақтастығы бар екендігіне іштей қуандым.

СҮЙГЕН СҮЙКІМДІ

Ақын Ақұштап Бақтыгереева апамыз «Жаным деген жігітті жек көрмендер, өзі сүю қыздардың соры ғана» деп мағыналы өлең арнапты. Шындығында, сезім ұлы құндылық. Оны биік шыңға көтеретін өзіміз.

Қазақ фольклорында небір ғашықтық жырлар бар. Соның ішінде Естай мен Қорланның ғашықтық көзқарасын баяндайық.

Бірде Естайдың ұрпақтары Қорланды іздеп жолға шығады. Сөйтіп, айшылық алыс жерлерді кезеді. Бір төбенің шетінде жалғыз үйді көреді. Сонда барып қараса, мыжырайған кемпірге тап болады. Әлгі ұрпақтары қайта келіп, болған жайды Естайға баяндайды.

Ұрпақтары:

– Сіз сондай керемет етіп баяндаған Қорланыңыз қарт-қария әрі өзгелерден айырмашылығы жоқ екен ғой, – дейді.

Сонда Естай сәл ойланып барып тіл қатыпты:

– Сендер менің ғашықтық көзіммен қарасандаршы, – деп жауап беріпті.

Бұл әңгімені әпкеміз тебіреніспен айтып беретін. Ойымда қалған соң әңгімеге орай келтірдік. Бірақ махаббатта шекара жоқ екені анық.

БАҚЫТТЫ БАҒАЛАЙ
БІЛУ КЕРЕК

Бұрынғылар сезімге селкеу түсірмеген. Антқа адал болған. Соның нәтижесінде серт бұзылмаған. Сүйгендер қосылған.



Әр адамға өзінің жақындарының өмір жолы үлгі. Біздің атамиз бен әжемиз бірін-бірі тауып қосылған жандар. Неге? Өйткені, әжемнің айтуы бойынша, ол атамның өз адамы екенін бірден байқапты. Ол уақта атамиз да жас. Ұзын бойлы, қыр мұрынды, ақсары келген, еті тірі жігіт болыпты. Үнемі әжемнің үй жағымен өтіп, қойшыларға азық-түлік, киім-кешек, түрлі керек-жарақ таратып жүріпті. Соған арналған «автолавка» жүк көлігі де бар екен. Арасында болашақ енесін жаңбырлы күндері жеткізіп салыпты. Елтілікті көрмейсіз бе?! Екеуі келісіп кей-кейде үнді киносына бара қалса, әжемиздің өзінен кейінгі інілері аңдитын көрінеді. Сөйтіп жүріп, отау құрады. Ол уақта бүгінгідей теле-

фон жоқ екен, тұрмысқа шыққан қызды қуғыншы іздейді. Хабаршы барады. Әжемнің әкесі көреген кісі көрінеді. Аштық пен тоқтықтың дәмін қатар тартса керек-ті. «Шырағым, теңізді тауыпсың. Түтіндерің көрініп тұр. Мына жігіт жігерлі екен. Дүние қолдың кірі. Жылама, бақытты ғұмыр кеш» деп бата-тілегін білдіріпті. Сонау жас кезде айтылған әке тілегі, көрегенділік кейіннен түгел орындалады. Үлкен әулетке айналады. Бай-қуатты ғұмыр сүреді. Ақылды, пайым-парасаты биік ұрпақ тәрбиелейді. Соның нәтижесі ретінде тұңғыш немересі өзімді айтсақ артық болмас. Мұның бәрі екі жастың бір-біріне деген құрметі, сыйластығы арқасында орнайды деп білеміз.

Адамзаттың ғұмыры қызыққа толы. Бірде мөз, ендігіде айылымызды жинай алмай қаламыз. Дегенмен, жарық дүниеге келгенге не жетсін? Аман-есен, сау-саламат тұрғанымыздың өзі – бір бақыт.



МАХАББАТ

Дүниені жадырататын бір сезім бар. Ол – махаббат. Сүйгеніңмен бір болудан артық ештеме жоқ-ау, сірә! Жалғанда бұдан асқан бақыт та болмас. Осы ұғымға сыйластық қосылса, нұр үстіне нұр болмақ.

Хакім Абай атамиз «ғашықтың тілі тілсіз тіл, көзбен көр де ішпен біл» депті. Нұрға бөлеп жан жүректі, арманға алып ұшатын сезім. Уағында Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қалқаман – Мамыр, Қыз Жібек пен Төлеген бәрі-бәрі махаббат жолында дүниені тәрк еткен.

БОЛМАШЫНЫ
ЕЛЕМЕҢІЗ

Қазір интернеттің дәуірі. Сөз айту да, айырылысу да оңай. Татуласу түк те емес. Бәрі жеңіл. Бірақ сезім ойнайтын ойыншық емес. Осыны ұғынған жөн.

Қалаға шыға қалсаңыз қол ұстасқан жасты жиі көресіз. Әр бұрышта құшақтасқаны қаншама. Жөн-ақ! Дегенмен, тәлім-тәрбиеден аттамаған абзал. Артық қылық жарға жығары анық. Қоғамда тек жастар ғана сүрмейді. Үлкен кісілер мен балалар да бар. Біз үшін қастерлі ұғым, ол – ұят. Халқымызда «қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дейді. Қарап тұрсаңыз, қазақтың сөзінің бәрі рас. Кейде өзіміз де осы жағына мән бере бермейміз. Оны мойындауымыз керек.

Мейлінше, сүйгендер бір-біріне адал болса, қалғаны түк те емес. Нағашы әжем үнемі «алғаның өзіңе адал болсын» дейді. Мұның мәнісі «адал жар кездессін» дегені деп білеміз. Сол себепті де, үлкендердің айтқанын тыңдап, тілін алып, арасында өз пікірінді аңғартып, бақытты да мәнді ғұмыр кешкенге не жетсін!

P.S.

Әйгілі Максим Горький «Махаббат – бір-бірімізге сыйлайтын бақыт» депті. Орынды айтылған ой. Өзіңізді сүйген жанды бағалаңыз. Өмір осынысымен ғажап!

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.